

УДК37.048.3

ТӘУЕКЕЛ ТОБЫНДАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС

Мукенова Аяжан Қайыржанқызы

mukenova.a@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті әлеуметтану кафедрасы
«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Д.Г.Есимова

Қазіргі таңда педагогика мен психологияда «тәуекел тобындағы балалар» деген түсінік айтарлықтай жиі қолданылады. Бүгінде бұл тәуекел тобындағы балалар түсінігі жалпылама қолданысқа енді деп санауға болады, алайда оның әртүрлі түсіндірмелері бар, сондықтан ол нақтылау мен дамытуды қажет етеді.

«Тәуекел» сөзі әдетте жағымсыз, қалаусыз бір нәрсенің болу немесе болмау ықтималдылығының мүмкіндігін білдіреді. Сондықтан тәуекел тобына жататын балалар туралы сөз қозғағанда, бұл балалар кейбір жүзеге асатын не аспайтын жағымсыз факторлардың ықпалында болатындығы түсіндіріледі.

Демек, біз тәуекелдің екі түрлі жағдайы туралы сөз еткелі отырмыз. Біріншіден, бұл санаттағы балалар қоғамға қауіп төндіреді. Бұл түсініктеме жалпы қабылданған нормалар мен

ережелерге қайшы болғандықтан, мінез-құлқы айналасындағы адамдарға және тұтастай қоғамға белгілі бір қауіп төндіруі мүмкін адамдардың, отбасылардың санаттарын бөлуге мүмкіндік берді. Дегенмен, соңғы кездері бұл санаттағы балаларды мамандар, ең алдымен, олардың өздері үнемі ұшырайтын қауіп тұрғысынан қарастырады: өмір сүруден, денсаулықтан, қалыпты жағдайда дамудан айырылу қаупі және т.б.

Көптеген ғалымдар балалар мен жасөспірімдерді осы санатқа жатқызуға мүмкіндік беретін факторлардың түрлі топтарын анықтайды. Л.В.Мардахаев тәуекел тобына осал немесе белгілі бір әлеуметтік жағдайлардан, қоршаған ортаның әсерінен зәбір көруі мүмкін адамдар тобын жатқызады. Сондықтан тәуекел тобына:

- көп балалы отбасыларды;
- толық емес отбасыларды;
- мүгедек балалары бар отбасыларды;
- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды жатқызады.

Ал тәуекел тобына жататын балалар мен жасөспірімдерге келетін болсақ, ол түрлі генетикалық, биологиялық және әлеуметтік себептерге байланысты мектепке психикалық және соматикалық әлсіреген, әлеуметтік қараусыз қалған немесе мектеп пен қоғамда әлеуметтік бейімделмеу қаупі бар балаларды жатқызады.

Е.И.Казакованың айтуынша, балаға ықтимал қауіп төндіретін қауіп факторларының үш негізгі тобын атауға болады: психофизикалық, әлеуметтік және педагогикалық. В.Е.Летунованың көзқарасы бұл тұжырымдамаға ұқсас, ол қауіп факторларының келесі тобын анықтайды:

- медико-биологиялық (тұқымқуалаушылық себептері, туа біткен қасиеттері, психикалық және физикалық дамуының бұзылуы, баланың туылу жағдайлары, анасының аурулары және оның өмір сүру салты, құрсақішілік дамуының жарақаттары);

- әлеуметтік-экономикалық (көп балалы және толық емес отбасылар, кәмелетке толмаған ата-аналар, жұмыссыз отбасылар, азғын өмір салтын жүргізетін отбасылар; қоғамдағы өмірге қабілетсіздік: қашу, қаңғыбастық, ұрлық, алаяқтық, төбелес, кісі өлтіру, өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері, агрессивті әмірлік, спирттік ішімдіктерді, есірткіні пайдалану);

- психологиялық (әлеуметтік ортадан алыстау, өзін қабылдау, невротикалық реакциялар, басқалармен қарым-қатынастың бұзылуы, эмоционалды тұрақсыздық, жұмыс барысындағы сәтсіздік, әлеуметтік бейімделудегі сәтсіздік, қарым-қатынас қиындықтары, құрдастарымен және ересектермен өзара әрекеттесу);

- педагогикалық (білім беру мекемесі бағдарламаларының мазмұны мен балаларды оқыту жағдайлары және олардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі, балалардың психикалық даму қарқыны мен оқыту қарқыны, теріс бағалардың басым болуы, іс-әрекет жасаудағы сенімсіздік, оқуға қызығушылықтың болмауы, оқушы бейнесіне сәйкес келмеуі).

Ал Л.Я.Олиференко, Т.И.Шульга, И.Ф.Дементиева тәуекел тобындағы балаларға өмірдің белгілі бір жағдайларына байланысты қоғам мен оның қылмыстық элементтерінің сыртқы теріс әсеріне бейім болған балалар санаты деген анықтаманы береді.

Психо-педагогикалық әдебиеттерді талдау балалардың қауіп-қатер тобына ену себептерін анықтауға мүмкіндік берді. Мұндай негізгі себептерге төмендегі жағдайлар негіз болады:

Балалардың өмір сүру салты төмендегі жағдайлардың салдарынан балалар нашар өмірінің негізгі себептері болып табылады:

- бір немесе екі ата-ананың маскүнемдігі;
- олардың бейәлеуметтік мінез-құлқы (қайыр сұрау, ұрлық, жезөкшелік және т.б.);
- ата-аналардың пәтерде криминалдық және бейәлеуметтік элементтерге арналған притондар орналастыруы;
- ата-аналардың біреуінің түрме мерзімін өтеуі;
- ата-аналардың бірін алкоголизмнен, психикалық аурудан емдеу;

- балаларға қатыгездік (ұрып-соғу, ауыр жарақат алу, аштық);
- балаларды тамақ пен сусыз жалғыз қалдыру;
- тұрақты тұрғылықты жердің болмауы;

Осылайша, "тәуекел тобындағы" балалар - бұл өмірдің белгілі бір жағдайларына байланысты басқа санаттарға қарағанда сыртқы теріс әсерлерге бейім болғандықтан, педагогтар, тәрбиешілер және басқа мамандар ерекше назар аударуды қажет ететін балалар санаты болып табылады. Қиын балалар, жасөспірімдер, оқушылар туралы мәселе тың мәселе емес. 20-30 жылдардан бастап-ақ көптеген педагогтер, психологтар, нейропсихиатрлар мен заңгерлер бұл мәселемен айналысты.

Педагог пен ата-ана – оқушыларды тәрбиелеудегі әріптестер. Бұл жұмыстың қыры-түбінде білімге деген қызығушылығын ояту болып табылатын оқытудың толыққанды мотивін қалыптастыру, танымдық қабілетін дамыту, тілін дамыту және айналаға көзқарасын байыту, өзін бақылай білуге, іштей жоспар құруға, әлеуметтік-адамгершілік сапасын қалыптастыруға яғни, ұжымда жұмыс жасай білу, көшбасшының жауапкершілігін алу және жолдастық қатынас жағдайларына бағыну, мейірімділік, қамқоршылық, сенімділік, қуану мен уайымдай білуге үйретуге бағытталуы керек. Тәрбие барысында осы жалпы педагогикалық міндеттер шешілуі тиіс.

Мектеп пен отбасының міндеті балалардың жеке қабілеттерін, бейімділіктерін ашуға тиіс. Табиғи сый барлық балада бар. Күрделісі оны ескере біліп, дамуында ақауы бар тәуекел тобы балалардың кемшіліктерін түзетуде қолдана білу. Бейімділік іс-әрекет кезінде ғана байқалады. Сондықтан да балаға іс-әрекеттің кең түрін ұсынған жөн. Мысалы: құрастыру, тігу, сурет салу, ән айту, би билеу т.б. Тәуекел тобының балалары мазмұнды өмірді қажет етеді. Бос кезінде әрқайсысы өзін қызықтырған істерімен айналысқаны дұрыс. Тәртібінің кейбір патологиялық ерекшеліктері іш пысудың нәтижесі болуы мүмкін.

Бірге кітап оқу, кинофильмдерді, телехабарларды, спектакльдер көру, мәдени орындарға бару бірін-бірі толықтырып отырады. Бала ата-анамен үнемі әңгімелесіп отыруы керек, сонда ғана балада тіл мәдениеті мен ойлау қабілеті қалыптасады.

Театр, мұражайларға бару, қала мәдени орындарына саяхат жасау, ескерткіштермен танысу баланың танымына, эстетикалық дамуына әсер етеді. Осы жағдайлардың барлығын бала отбасында көріп өсуі тиіс.

Бірақ ата-аналардың осы мүмкіндіктерді дұрыс қолданбауының себептерінен бала тек қана мұндай көңіл бөлушілікті мектепте мұғалім, тәрбиешілерінен көріп, жылулықты солардан алады. Сол себепті ата-аналармен де тәрбие жұмыстарын жүргізуге тура келеді. Даму мүмкіншілігі шектеулі балалардың денсаулығымен қатар отбасындағы ата-анасының жауапсыздығы оларға қосымша дерт болып жабысып, балада даму процесінің орнына кері қарай құлдырау келеңсіздігі орын алады. Ол мінез-құлқындағы ашушаңдық, тіл табыспаушылық, тез жанжалдасу, аяушылық сезімнің жоқтығы. Сол себепті бала ұжымда өз орнын таппай, шеттеліп, құқық бұзушылыққа тез бой алдырады.

Мектеп қабырғасында мұндай отбасылармен, оқушылармен арнайы мамандар, педагогтар жұмыс жасап, ауытқуларды түзету бойынша әдіс-тәсілдерді қолданады. Бірақ, әрдайым нәтижесін бере бермейді. Себебі, оқушылардың көпшілігі әлеуметтік жағдайлары төмен және ішкі отбасылық жағдайлары бұзылған отбасынан. Тұрмыстық жағдайы нашар отбасылармен жұмысты ұйымдастыруда «әлеуметтік қатерлі жағдайға тап болған отбасы» деген түсінікті анықтай білу керек. Бұл терминді 3 аспектіге бөліп қарастыруға болады.

- Медициналық. Отбасы мүшелерінде отбасын толыққанды қалыптастыруға кедергі жасайтын айқын көрінетін аурулар немесе медициналық-биологиялық ауытқулардың болуы.

- Әлеуметтік-әкімшіліктік. Отбасының жағдайы өмір сүру мен баланың дамуына аз жарамды немесе жарамсыз деңгейде деп танылған.

- Психологиялық-педагогикалық. Отбасы ішілік және сыртқы әлеуметтік байланыстардың бұзылуы отбасы мүшелерінің жеке тұлғалық ыдырауына әкеліп соқтырады. Осындай себептермен, түзету мен оңтайландыру технологияларын іске асыруды қажет ететін, проблемалы отбасылармен жұмыс жүргізіледі.

Осындай элеуметтік тәуекел тобындағы отбасылардан өз іс-әрекетіне баға бере алмайтын аурушаң, өмірге ренішті, айналадағы қоршаған ортаға қызығушылығы жоқ «тәуекел тобының» балалары тәрбиеленіп өседі. Тұрмыстық жағдайы нашар отбасы және олардың балаларымен жұмыс барысында алдын алу мен түзету жұмыстарының әдістерін анықтап қолдану керек. Мысалы:

1. Отбасымен.

- отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қарым-қатынасын бақылау; отбасы мүшелерін тиісті мамандармен байланыстыру;
- осындай отбасына қатысы бар барлық адамдармен байланысын жақсартуға көмектесу.

2. Білімділік, жұмыспен қамту:

- жұмыспен қамтумен көмектесу;
- білім мекемесі жағдайында балаларымен байланыстарын қалыптастыруға

көмектесу.

3. Мінез-құлқы:

- мінез-құлқындағы ауытқушылықтарды талқылау, жағымсыз нәрселерді жасауға итермелейтін әрекеттерді шешуге көмектесу.

4. Денсаулық:

- денсаулығын жақсартуға көмектесу;
- ем алуды ұйымдастыруға көмектесу;
- салауатты өмірге деген қызығушылыққа қолдау көрсету.

5. Жеке тұлғалық даму:

- ата-ананың, баланың жеке тұлғалық жағымды сапасын дамыту;
- жұмысқа, сабаққа, проблемаларды шешуге деген жағымды мотивацияларын

қалыптастыру.

6. Келешекке жоспар:

- туындағын жұмыстар бойынша үнемі жоспарлау;
- атқарылған жұмыстың тиімділігін анықтау;
- отбасымен үнемі кездесулер жасау.

Оқушылар қандай отбасынан шықса да, барлық баламен жұмыс бірдей. Қиын тәрбиеленетін балалар, ажырасқан отбасынан да, жақсы қалыптасқан отбасынан да, білімділер отбасынан да шығып жатады. Оның бәрі баланың ата-ана, отбасы тарапынан шыққан келеңсіз жағдайлар мен баланың назардан тыс қалуынан. Кейбір ата-ана маскүнемділікке салынса, кейбірі отбасындағы материалдық жағдайдың жоқтығынан, кейбірі жұмысбастылықпен бала қараусыз өз-өзіне берілгендіктен болатын жағдайлар. «Тәуекел тобындағы балаларды» оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру кешенді түрде жүргізілуі керек, сонда ғана нәтижелі болады.

Қорытындылай келе, «Тәуекел тобындағы балалар» туралы әңгімені аяқтай отырып, осы санаттағы балалармен жұмыс істеу кезінде сақталуы керек бірнеше жалпы ережелерді атап өткен жөн.

Біріншіден, бұл жерде мұғалімнің жауапкершілігі ерекше, өйткені оқушының тағдыры көбінесе қорытындының дұрыстығы мен дәлдігіне байланысты. Кез келген болжамды (мысалы, көмек алу үшін басқа мамандарға хабарласу қажеттілігі туралы) диагностикалық жұмыста мұқият тексеру керек.

Екіншіден, баланың проблемалары туралы басқа адамдарға айту қажет болған жағдайда ерекше қамқорлық пен мұқияттылық қажет. Ол үшін клиникалық және психологиялық терминологиядан бас тартып, тек күнделікті лексиканы пайдалану керек. Бұл ретте ата-аналарға және басқа мұғалімдерге қиындықтарға тап болған балаға қалай көмектесу керектігі туралы нақты және нақты ұсыныстар беру қажет.

Үшіншіден, отбасы жағдайының ерекшеліктеріне ерекше назар аудару керек. «Тәуекел тобындағы» баланың отбасымен жұмыс істеу көбінесе студенттер мен мұғалімдер тобымен жұмыс істеуден гөрі психопрофилактиканың маңызды құралы болып шығады. Осы шарттарды сақтау балаға көмектесуге, қиындықтардың орнын толтыруға жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Осылайша, мектептегі қауіп тобындағы балалармен жұмыс қосымша бейімделу факторларын ғана емес, сонымен қатар оқу табыстары мен жетістіктеріне назар аударады. Маңызды құрамдас бөлігі - отбасымен немесе оны алмастыратын ортамен жұмыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Конституция РФ с комментариями для изучения и понимания/ Лозовский Л.Ш., Райсберг Б.А. – М.: ИНФРА – М, 2003.

Конвенция о правах ребенка и реальности детства в России // Материалы первоначального доклада РФ Комитету по правам ребенка. – И., 1993.

Семейный кодекс Российской Федерации: Комментарии. – М., 2002.

Об основах системы профилактики безнадзорности и правонарушений несовершеннолетних: Федеральный Закон 21.05.1999 г. // Российская газета. –1999.-3 июня.

Аксенова Л.И. Социальная педагогика в специальном образовании: Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений. - М.: Издательский центр «Академия», 2001.